



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директоры

Т. Нұркешов

2016 жылғы «__» _____

Информатика пәні бойынша халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлерді іріктеу өлшемшарттары (бұдан әрі-өлшемшарттар)

1. Осы өлшемшарттар информатикадан халықаралық олимпиадаға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлердің құрамын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 45 бұйрығының 12 және 16-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Олимпиадалық резервтің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамын қалыптастыру: оқушылардың республикалық олимпиадасының (бұдан әрі - РО) қорытынды кезеңіне қатысу қорытындылары бойынша оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамы қалыптастырылады. Оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамына ең көп ұпай жинаған 12 РО жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) 9-10-11(12) сынып оқушылары (олимпиадалық тапсырмалар бірдей) кіреді. Үміткерлер РО және Халықаралық Жәутіков олимпиадасы үшін жалпы ұпай сомасы бойынша іріктеледі. Егер бірнеше қатысушы бірдей ұпай жинаса, қатысушылардың саны артуы мүмкін.

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижелері		Барлығы
			Информатикадан республикалық олимпиада	Халықаралық Жәутіков олимпиадасы	
			50 %	50 %	100%

3. IOI-ға қатысу үшін құрама команда құрамына іріктеу: IOI-ға құрама команданы сапалы іріктеу үшін іріктеу оқу-жаттығу жиындарында 4-5 аралық олимпиада өткізілетін болады. Оқу-жаттығу жиындарына олимпиадалардың күрделілік деңгейі IOI тапсырмаларының деңгейімен бірдей, ал тапсырмалар сапасы халықаралық Жәутіков олимпиадасы және республикалық олимпиадалардан жоғары.

Әр олимпиада 3 тапсырмадан тұрады.

№	Қатысушының аты-жөні	Сынып	Нәтижелері				Барлығы
			1 емтихан	2 емтихан	3 емтихан	4 емтихан	
			25 %	25 %	25 %	25 %	100%

Ескертпе: ұпай тең болған жағдайда қосымша тур өткізуге жол беріледі.

Егер қатысушы Олимпиадаға қатыса алмаса, онда осы олимпиада үшін 0 ұпай қойылады.
Егер оқушы бейресми түрде халықаралық олимпиадаға қатысқан жағдайда, оның нәтижелері ресми хаттамада көрсетілген жағдайда ғана есептелетін болады.